

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Сиқырлы асықтар

ЖАРИЯЛАНДЫ
02.04.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/151942/

Серикова Алмагүл Өндірісқызы

Тақырыбы: «Сиқырлы асықтар»**Мақсаты:** ойын арқылы балалардың ойлау қабілетін арттыру, мағынасын іріктеу, ой-қиялын дамытуын көрсету;

Қол моторикасын, есте сақтау қабілетін, ептілігін дамытуын қалыптастыру және балалардың қызығушылығын ояту,

Шығармашылық қасиетін көрсетуің ; өзін-өзі бағалау және ұстамдылық қасиеттерін қалыптастыру.

Әдіс - тәсілдер: сұрақ-жауап, ойын, үстел-үсті жұмыс**Сөздік жұмыс:** қонақ күту, асықтар, оюлар, ойын**Көрнекіліктер:** суреттер, асықтар, оюлар пішіндер, ойынның атрибуттары, сандар, үн таспа, бояулар, губкалар.**Ойын іс-әрекетінің барысы :****1. Коңілді әуенмен коңілкүйлерін көтеріп алу (шаттық шеңбері)****2. Тәрбиешінің сөзі:** Сәлеметсіздерме! Бүгінгі күнімізге сәттілік. Балалар мен сендермен бір ойын ойнауға келдім.

Ол ойынын аты «Әже мен атаның ауылына қонаққа барамыз» Бірақ қонақты біз қазақ дәстүрі бойынша күтеміз. Қазақтарда қонақты екі түрге

Болуге болады: «арнайы қонақ» және «құдайы қонақ» . Бүгін бізге құдайы қонақтар келді (Ата, әже немерелерін қарсы алады)

А) амандасып қарсы алайық . Ер кісімен — Ассалаумағалейкүм! Әйел кісілермен –

Сәлеметсіз бе!

Б) төрге шығарып, дастарханға шақыру

В) дастарханнан дәм тату

Г) Бата беру

Д) қонақтарды шығарып салу қоштасып.

3. **3. Тәрбиешінің сөзі** : Балалар сендерге ойын ұнадыма. Тағыда басқа ойындарды ойнағыларың келеме?

Білесіндерме ата бізге құр қол жібермей қорыжын табыстап жатыр. Ол қоржынның ішінде не бар екен? Қарап көремізбе?

- Ал көрейік не бар? –асықтар бар екен. Бұл жай асықтар емес сиқырлы тапсырмалары бар асықтар екен.
- Асықтарға қарандаршы олар неден алынады? Балалар: төрт түлік малдан. Қандай малдан атап айтындаршы?
- Қой, ешкі, сиыр. Дұрыс айтасындар балалар. Ал енді сиқырлы асықтардың тапсырмасын орындаймызба?
- Асықтың неше атауы бар? алты атауы бар
- Қандай екен атаулары алшы, тәйке, бүк, шік, омпы, шонқы
- Жарайсындар балалар

Тәрбиешінің сөзі : Кәзір кішкене демалып сергіту жасап алайық , сосын сиқырлы асықтардың тапсырмаларын орындаймыз.

4. **4. Сергіту сәті** (асық биі)

5. Тапсырмаларды орындау (сала бойынша)

1. Тапсырма: а) аптада неше күн бар? б) бүгін аптаның нешінші күні?

В) 1 ден-5 ке дейін санап беру (тұра, кері санау)

Г) пішіндерді ажыратып атап айтып беру (түсін, түрін)

Д) құм терапиясы (пішіндерді салу)

2. **Тапсырма:** Кеністікті бағдарлау (пішіндерді орналастыру)

3.Тапсырма: Оюларды құрастыру, түрлерін атап айтып беру

4.Тапсырма: Сиқырлы бейне шығару(шығармашылық жұмыс)

6. **Қортындылау-** Бүгінгі ойын іс-әрекеті ұнадыма?

Балалар өз ойларын айтады .

Балаларды мадақтау.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.